

2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2014 жылғы 11 желтоқсанда № 21/304 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 желтоқсанда № 2567 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы және «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2014 жылғы 28 қарашадағы № 259-V Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

2015 - 2017 жылдарға арналған облыстық бюджет қосымшаға сәйкес, тиісінше, оның ішінде 2015 жылға, мынадай көлемдерде бекітілсін:

- «1) кірістер – 98 903 750 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер бойынша – 58 182 909 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер бойынша – 2 606 501 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 3 100 мың теңге;
 - трансферттер түсімдері бойынша – 38 111 239 мың теңге;
- 2) шығындар – 99 889 561 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік несиелендіру – 4 478 664 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 8 149 152 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 3 670 488 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 656 924 мың теңге , оның ішінде :
 - қаржы активтерін сатып алу – 656 924 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 6 121 399 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 6 121 399 мың теңге .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихатының 10.12.2015 № 29/427(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі);

2. 2015 жылға қалалар мен аудандардың бюджеттеріне кірістерді бөлу нормативтері мына мөлшерде белгіленсін:

- 1) Төлем көзінен ұсталатын кірістен алынатын жеке табыс салығы: Бейнеу ауданына – 76,7 пайыз;

Қарақия	ауданына	–	38,3	пайыз;
Маңғыстау	ауданына	–	79,3	пайыз;
Түпқараған	ауданына	–	40,1	пайыз;
Мұнайлы	ауданына	–	100	пайыз;
Ақтау	қаласына	–	17,6	пайыз;
Жаңаөзен	қаласына	–	42,8	пайыз.

2) Төлем көзінен ұсталмайтын кірістен алынатын жеке табыс салығы:

Бейнеу	ауданына	–	100	пайыз;
Қарақия	ауданына	–	100	пайыз;
Маңғыстау	ауданына	–	100	пайыз;
Түпқараған	ауданына	–	100	пайыз;
Мұнайлы	ауданына	–	100	пайыз;
Ақтау	қаласына	–	68,4	пайыз;
Жаңаөзен	қаласына	–	100	пайыз.

3) Шетел азаматтарының кірістерінен төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы:

Бейнеу	ауданына	–	100	пайыз;
Қарақия	ауданына	–	100	пайыз;
Маңғыстау	ауданына	–	100	пайыз;
Түпқараған	ауданына	–	100	пайыз;
Мұнайлы	ауданына	–	100	пайыз;
Ақтау	қаласына	–	0	пайыз;
Жаңаөзен	қаласына	–	100	пайыз.

3) Шетел азаматтарының кірістерінен төлем көзінен ұсталмайтын жеке табыс

с а л ы ғ ы :

Бейнеу	ауданына	–	100	пайыз;
Қарақия	ауданына	–	100	пайыз;
Маңғыстау	ауданына	–	100	пайыз;
Түпқараған	ауданына	–	100	пайыз;
Мұнайлы	ауданына	–	100	пайыз;
Ақтау	қаласына	–	100	пайыз;
Жаңаөзен	қаласына	–	100	пайыз.

4) Әлеуметтік салық:

Бейнеу	ауданына	–	76,7	пайыз;
Қарақия	ауданына	–	38,2	пайыз;
Маңғыстау	ауданына	–	79,2	пайыз;
Түпқараған	ауданына	–	40,1	пайыз;
Мұнайлы	ауданына	–	100	пайыз;
Ақтау	қаласына	–	17,6	пайыз;
Жаңаөзен	қаласына	–	42,8	пайыз.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 17.03.2015 № 23/374(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.06.2015 № 26/403(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.10.2015 № 28/422(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі);10.12.2015 № 29/427(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м д е р і м е н ;

3. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандар бюджеттеріне берілетін субвенция көлемі 3 226 736 мың теңге сомасында көзделсін, о н ы ң і ш і н д е :

Бейнеу ауданына	–	2 246 174	мың теңге;
Мұнайлы ауданына	–	690 318	мың теңге;
Түпқараған ауданына	–	290 245	мың теңге.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихатының 10.12.2015 № 29/427(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі)шешімімен.

4. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар бюджеттерінен облыстық бюджетке 3 649 600 мың теңге сома көлемінде бюджеттік алымдар көзделсін, оның і ш і н д е :

Қарақия ауданынан	–	3 096 015	мың теңге;
Маңғыстау ауданынан	–	408 166	мың теңге;
Түпқараған ауданынан	–	145 419	мың теңге.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихатының 23.06.2015 № 26/403(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі)шешімімен.

5. Республикалық бюджетке аударылуға жататын бюджеттік алулар 16 725 915 мың теңге сомасында облыстық бюджеттен жүзеге асырылатыны қаперге алынсын.

6. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте облыстың ішкі істер департаментінің оқу орталықтарын күтіп-ұстауға шығыстарды беруге байланысты 81 220 мың теңге сомасында республикалық бюджетке аударылуға жататын трансферттер көзделгені е с к е р і л с і н .

7. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте облыс бюджетіне, аудандар мен қалалар бюджеттеріне бөлу және (немесе) пайдалану тәртібі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалатын ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін:

«Агробизнес-2020» бағдарламасы шеңберінде өңірлерде агроөнеркәсіптік кешен с у б ь е к т і л е р і н қ о л д а у ғ а ;

мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілері болып табылмайтын жұмыскерлеріне, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделі бойынша еңбекақы төлеуге және олардың лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілер еңбекақысының деңгейін арттыруға; мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске

а с ы р у ғ а ;

техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының оқу-өндірістік шеберханаларын, зертханаларын жаңартуға және қайта жабдықтауға; үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға;

техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға;

жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге; дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;

жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге;

арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізу;

үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру;

мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнату;

жаңалық телехабарлар трансляциялауды сурдоаудармамен сүйемелдеуді қамтамасыз ету;

кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге;

халықтың иммундық профилактикасын қамтамасыз етуге;

ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға;

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдауға;

«Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде ағымдағы іс-шараларды іске асыруға;

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде моноқалалардағы ағымдағы іс-шараларды іске асыруға.

агроөнеркәсіптік кешеннің жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелерін

ұ с т а у ғ а ;

азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға;
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларының қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұстауға;
елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға және жүргізуге;
коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға;
жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті органның штат с а н ы н ұ с т а у ғ а ;
сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұстауға.

Ескерту. 7-тармақ - келесі абзацтармен толықтырылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 17.03.2015 № 23/374 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

8. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте облыс бюджетіне, аудандар мен қалалар бюджеттеріне бөлу және (немесе) пайдалану тәртібі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалатын нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін:
білім саласы объектілерін дамытуға;
денсаулық сақтау саласы объектілерін дамытуға;
инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға;
сумен жабдықтау және су бұру объектілерін дамытуға;
ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;
коммуналдық шаруашылық объектілерін дамытуға;
коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалауға және (немесе) салуға, р е к о н с т р у к ц и я л а у ғ а ;

мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға;
жылу-энергетика жүйесін дамытуға;
көліктің инфрақұрылымды дамытуға;
Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде инженерлік и н ф р а қ ұ р ы л ы м д ы дамытуға;
моноқалалардағы бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға.

9. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте облыс бюджетіне, аудандар мен қалалар бюджеттеріне бөлу және (немесе) пайдалану тәртібі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалатын бюджеттік кредиттер көзделгені ескерілсін:
мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;
моноқалалардағы кәсіпкерлікке микрокредит бөлуге;
«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы шеңберінде ауылда

кәсіпкерліктің дамуына жәрдемдесуге;
тұрғын үй жобалауға және (немесе) салуға.

10. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен қалалар бюджеттеріне бөлу және (немесе) пайдалану тәртібі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалатын ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін:

білім беру саласындағы ағымдағы іс-шараларды жүзеге асыруға;

халықты әлеуметтік қорғау саласындағы ағымдағы іс-шараларды жүзеге асыруға.

11. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен қалалар бюджеттеріне бөлу және (немесе) пайдалану тәртібі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалатын нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін:

білім саласы объектілерін дамытуға;

коммуналдық шаруашылық объектілерін дамытуға;

ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалауға және (немесе) салуға,
р е к о н с т р у к ц и я л а у ғ а ;

көліктің инфрақұрылымды дамытуға;

12. Қалалардың әкімшілік бағыныстағы аумақтарда орналаспаған, ауылдық жерлерде және кенттерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық және фармацевтика қызметкерлеріне, мемлекеттік қамсыздандыру ұйымдарының қызметкерлеріне, мемлекеттік мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының қызметкерлеріне бір жолғы коммуналдық қызметтерді өтеуге және отын сатып алуға 12 100 теңге мөлшерінде құқық берілсін.

Ескерту. 12-тармақ - жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихатының 23.10.2015 № 28/422(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі)

13. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 238-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес, ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласының азаматтық қызметшілеріне бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

14. Облыс әкімдігінің резерві 98 469 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 14-тармақ - жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихатының 10.12.2015 № 29/427 шешімімен(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі)

15. 4-қосымшаға сәйкес, облыстық бюджеттің атқарылу үдерісінде секвестрге жатпайтын 2015 жылға арналған бюджеттік бағдарламалар тізбесі бекітілсін.

16. 5-қосымшаға сәйкес, 2015 жылға арналған аудандар мен қалалар бюджеттерінің атқарылу үдерісінде секвестрге жатпайтын бюджеттік бағдарламалар белгіленсін.

17. Осы шешім 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы Б. Сарман
Облыстық хатшысы Б. Жүсіпов

« К Е Л І С І Л Д І »
«Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы И . Ы . Қ ұ р м а н

11 желтоқсан 2014 ж.

Облыстық мәслихаттың 2014 жылғы
"11" желтоқсандағы № 21/304 шешіміне
1-ҚОСЫМША

Ескерту. 1-қосымша - жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихатының 10.12.2015 № 29/427 шешімімен(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі);

2015 жылға арналған облыстық бюджет

Сан	Сын	Кіші сын	Ерек	Атауы	Сомасы, мың теңге
1	2	3			
				1.КІРІСТЕР	98 903 750
1				САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	58 182 909
	01			Табыс салығы	30 513 476
		2		Жеке табыс салығы	30 513 476
	03			Әлеуметтік салық	27 070 818
		1		Әлеуметтік салық	27 070 818
	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	598 576
		3		Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	598 555
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	21
	07			Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	40
		1		Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	40
2				САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	2 606 501
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	64 485

		1		Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	9 467
		4		Мемлекет меншігіндегі, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	625
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	36 027
		6		Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	5 377
		7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	12 989
	04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 148 820
		1		Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар	1 148 820
	06			Өзге де салықтық емес түсімдер	1 393 196
		1		Өзге де салықтық емес түсімдер	1 393 196
3				НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ САТУДАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР	3 100
	01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3 100
		1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3 100
4				ТРАНСФЕРТТЕР ТҮСІМІ	38 111 239
	01			Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	3 706 248
		2		Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	3 706 248
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	34 404 991
		1		Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	34 404 991
Ф . топ	Әкімші Бағ	Бағ	Кіші бағ	Атауы	Сомасы, мың теңге
1	2	3			
				2. ШЫҒЫНДАР	99 889 561
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	5 361 076
	110			Облыс мәслихатының аппараты	35 351
		001		Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	34 154
		003		Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 197
	120			Облыс әкімінің аппараты	2 160 754

	001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 183 642
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 250
	007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	907 234
	009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	4 053
	013	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	63 575
257		Облыстың қаржы басқармасы	1 696 811
	001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	87 647
	009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	8 875
	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	289
	028	Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	1 600 000
258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	129 295
	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту және облысты басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	116 815
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 245
	061	Бюджеттік инвестициялар мәселелері бойынша құжаттаманы сараптау және бағалау, бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізу	10 235
269		Облыстың дін істері басқармасы	62 007
	001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36 097
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	400
	004	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	
	005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	25 510
282		Облыстың тексеру комиссиясы	90 243
	001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	89 816
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	427
271		Облыстың құрылыс басқармасы	1 186 615
	061	Мемлекеттік органның объектілерін дамыту	1 186 615
02		Қорғаныс	472 832
	120	Облыс әкімінің аппараты	36 333
	010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	17 923

	011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымындағы аумақтық қорғаныс	13 979
	014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	4 431
271		Облыстың құрылыс басқармасы	227 032
	002	Жұмылдыру дайындығы мен төтенше жағдайлардың объектілерін дамыту	227 032
287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	209 467
	002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	208 402
	003	Облыс ауқымындағы азаматтық қорғаныстың іс-шаралары	1 065
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	5 691 260
120		Облыс әкімінің аппараты	6 951
	015	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	6 951
252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	5 313 611
	001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 023 055
	003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	2 000
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 132 298
	008	Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	
	013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	42 379
	014	Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	59 952
	015	Қызметтік жануарларды ұстауды ұйымдастыру	53 927
271		Облыстың құрылыс басқармасы	370 698
	003	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	170 258
	053	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	200 440
04		Білім беру	16 891 823
253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	127 792
	043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	127 792
261		Облыстың білім басқармасы	9 477 188
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	66 592

	003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	804 727
	005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	15 637
	006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	405 414
	007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	337 497
	011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	81 407
	012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу	39 798
	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	132
	024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	3 254 524
	027	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3 373 910
	029	Әдістемелік жұмыс	157 515
	061	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	551 638
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	75 484
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	312 913
	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	660 873
	006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	660 873
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	6 625 970
	007	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	5 032 561
	037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 593 409
05		Денсаулық сақтау	17 991 621
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	16 256 828
	001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	83 290
	005	Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның құрамдауыштары мен препараттарын өндіру	224 826
	006	Ана мен баланы қорғау бойынша қызмет көрсету	74 282

	007	Салауатты өмір салтын насихаттау	129 544
	008	Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	40 641
	009	Туберкулез, жұқпалы аурулар, психикалық күйзеліс және мінез-құлқының бұзылуынан, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты, зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету	2 479 743
	011	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін және аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық көмекті қоспағанда, жедел медициналық көмек көрсету және санитариялық авиация	677 542
	013	Патологоанатомиялық ашып тексеруді жүргізу	27 579
	014	Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және балаларға арналған және емдік тағамдардың арнаулы өнімдерімен қамтамасыз ету	671 496
	016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	45 985
	017	Шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерін сатып алу	1 147
	018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	30 836
	019	Туберкулезбен ауыратын науқастарды туберкулезге қарсы препараттармен қамтамасыз ету	143 097
	020	Диабетпен ауыратын науқастарды диабетке қарсы препараттармен қамтамасыз ету	124 115
	021	Онкогематологиялық науқастарды химия препараттарымен қамтамасыз ету	15 188
	022	Созылмалы бүйрек функциясының жетіспеушілігі бар, аутоиммунды, орфандық аурулармен ауыратын, иммунитеті жеткіліксіз науқастарды, сондай-ақ бүйрегін транспланттаудан кейінгі науқастарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету	94 373
	026	Гемофилиямен ауыратын науқастарды қанды ұйыту факторларымен қамтамасыз ету	428 019
	027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	985 533
	029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	28 282
	030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	1 097
	033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	601 579
	036	Жіті миокард инфаркті бар науқастарды тромболитикалық препараттармен қамтамасыз ету	27 183
	038	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде скринингтік зерттеулер жүргізу	73 883

	039	Аудандық маңызы бар және ауыл денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмекті және амбулаториялық-емханалық көмекті халыққа тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетуі	8 144 335
	045	Азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен амбулаториялық емдеу деңгейінде жеңілдетілген жағдайда қамтамасыз ету	281 262
	046	Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек көрсету	821 971
271		Облыстың құрылыс басқармасы	1 734 793
	038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	1 734 793
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1 733 831
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1 441 425
	001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	102 446
	002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	151 594
	003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	153 529
	007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 605
	013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	271 943
	014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	47 478
	015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда) психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	220 454
	017	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3 265
	018	Үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	5 491
	044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	54 767
	049	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	13 923
		Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік	

	050		жәрдемақылар төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3 046
	051		Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	50 681
	052		Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	1 667
	053		Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	22 201
	067		Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	58 447
	113		Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	275 888
261			Облыстың білім басқармасы	212 686
	015		Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	158 304
	037		Әлеуметтік сауықтандыру	54 382
263			Облыстың ішкі саясат басқармасы	32 093
	077		Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	32 093
268			Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	2 374
	045		Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 374
297			Облыстың еңбек басқармасы	45 253
	001		Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	41 253
	003		Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 000
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	11 852 609
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	4 637 031
	013		Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне коммуналдық шаруашылықты дамытуға арналған нысаналы даму трансферттері	162 344
	014		Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	636 487
	027		Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	3 235 635

	030	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	602 565
279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	7 215 578
	001	Жергілікті деңгейде энергетика және коммуналдық үй-шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	139 141
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200
	010	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 541 470
	014	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне коммуналдық шаруашылықты дамытуға арналған нысаналы даму трансферттері	281 532
	030	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	4 766 436
	039	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға берілетін нысаналы даму трансферттері	204 452
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	97 810
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысалы трансферттер	184 537
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	5 321 360
259		Облыстың мұрағаттар және құжаттама басқармасы	78 404
	001	Жергілікті деңгейде мұрағат ісін басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 534
	002	Мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету	75 870
262		Облыстың мәдениет басқармасы	1 219 851
	001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	40 193
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	256 569
	005	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	424 669
	007	Театр және музыка өнерін қолдау	344 647
	008	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	57 041
	011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	46 430
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	50 302
263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	644 977
	001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік, ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	134 516
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	500

	007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	509 961
264		Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	8 587
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 457
	002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	3 030
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	100
283		Облыстың жастар саясаты мәселелері бойынша басқармасы	195 682
	001	Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	60 174
	005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	135 508
284		Облыстың туризм басқармасы	99 938
	001	Жергілікті деңгейде туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	37 449
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	750
	004	Туристік қызметті реттеу	61 739
285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	2 123 564
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36 437
	002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	45 698
	003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	1 940 789
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	100 640
271		Облыстың құрылыс басқармасы	870 273
	016	Мәдениет объектілерін дамыту	115 252
	017	Спорт объектілерін дамыту	755 021
734		Облыстың тілдерді дамыту, мұрағаттар мен құжаттама басқармасы	80 084
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы, мұрағат ісін басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13 333
	002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	19 819
	003	Мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету	46 732
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200
09		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	403 532
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	403 532
	007	Жылу-энергетикалық жүйесін дамыту	16 740

	011	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	307 661
	071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	17 992
	081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	61 139
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	2 849 637
	251	Облыстың жер қатынастары басқармасы	32 364
	001	Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	30 819
	003	Жер қатынастарын реттеу	1 545
	254	Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	1 106 680
	001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	37 178
	005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	74 021
	006	Жануарлар дүниесін қорғау	125 939
	008	Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар	814 642
	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 300
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	52 600
	255	Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	499 875
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	66 094
	014	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	10 607
	020	Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуды субсидиялау	68 115
	028	Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызмет көрсету	2 113
	047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	17 000
	048	Ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өсіру	45 690
	050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	206 000
	053	Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау	84 256

	271		Облыстың құрылыс басқармасы	489 565
		022	Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту	489 565
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	655 117
		032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	655 117
	719		Облыстың ветеринария басқармасы	45 511
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22 483
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 891
		052	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне өкілеттіктердің берілуіне байланысты агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	18 137
	725		Облыстың жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы	20 525
		001	Жергілікті деңгейде жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20 525
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	329 531
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	215 914
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	52 159
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 389
		040	Индустриялық-инновациялық инфрақұрылымды дамыту	162 366
	272		Облыстың сәулет және қала құрылысы басқармасы	84 692
		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 499
		002	Қала құрылысын дамытудың кешенді сызбаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	57 941
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	252
	724		Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы	28 925
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 745
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 180
12			Көлік және коммуникациялар	5 297 282
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	5 297 282
		001	Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	62 942

	002	Көлік инфрақұрылымын дамыту	985 870
	003	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	366 707
	005	Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау	374 535
	007	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне көлік инфрақұрылымын дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 185 381
	011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	247
	025	Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	2 321 600
13		Басқалар	5 537 865
	257	Облыстың қаржы басқармасы	1 573 249
	012	Облыстық жергілікті атқарушы органның резерві	98 469
	040	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын жұмыскерлерінің, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 474 780
	258	Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	524 745
	003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу	524 745
	268	Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	212 018
	084	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	212 018
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	1 078 098
	051	«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	59 484
	077	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері	872 329
	084	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	146 285
	278	Облыстың кәсіпкерлік және сауда басқармасы	1 705 500

	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және сауданы дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	33 005
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	880
	005	«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде бизнесті жүргізуді сервистік қолдау	19 788
	006	«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	1 439 166
	007	«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	59 000
	011	Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының бюджетіне кәсіпкерлікті қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	16 275
	012	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне моноқалаларда ағымдағы іс-шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	137 386
279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	266 293
	036	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне моноқалаларды ағымдағы жайластыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	266 293
280		Облыстың индустриялық-инновациялық даму басқармасы	177 962
	001	Жергілікті деңгейде индустриялық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	66 584
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 300
	005	Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шараларды іске асыру	110 078
14		Борышқа қызмет көрсету	2 461
	257	Облыстың қаржы басқармасы	2 461
	016	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	2 461
15		Трансферттер	20 152 841
	257	Облыстың қаржы басқармасы	20 152 841
	006	Бюджеттік алулар	16 725 915
	007	Субвенциялар	3 226 736
	011	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	76 374
	017	Нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару	340
	024	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	81 220

		052	Өткен қаржы жылында пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде жергілікті бюджеттердің бюджет қаражатының қалдығы есебінен пайдалануға (түгел пайдалануға) рұқсат етілген нысаналы даму трансферттердің сомасы қайтару		42 256
Ф. топ	Әкімші	Бағдарлама	Кіші бағдарлама	Атауы	Сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6
				3. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕУ	4 478 664
				БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕР	8 149 152
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	130 636
	278			Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	130 636
		013		Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру	130 636
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	7 229 050
	271			Облыстың құрылыс басқармасы	5 567 418
		009		Тұрғын үй салуға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға кредит беру	5 567 418
		066		Тұрғын үй салуға әлеуметтік - кәсіпкерлік корпорацияларға несие беру	
	279			Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	1 661 632
		046		Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру	1 661 632
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	719 466
	258			Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	719 466
		007		Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	719 466
13				Басқалар	70 000
	278			Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	70 000
		069		Моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру	70 000
Сан	Сынып	Кіші сынып	Ерекше-лік	Атауы	Сомасы, мың теңге
1	2	3			
5				БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕРДІ ӨТЕУ	3 670 488
	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	3 670 488

		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	3 670 488
Ф/топ	Әкімші	Бағдар-лама	К і ш і бағ-дар-лама	Атауы	Сомасы, мың теңге
1	2	3			
				4. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО	656 924
				Қаржы активтерін сатып алу	656 924
13				Басқалар	656 924
	255			Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	200 000
		065		Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	200 000
	271			Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	104 979
		065		Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	104 979
	279			Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	351 945
		065		Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	351 945
Сан	Сынып	Кіші сынып	Ерекше-лік	Атауы	Сомасы, мың теңге
6				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	Сомасы				
Атауы	, мың				
	теңге				
				5. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТ)	-6 121 399
				6. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТІН ПАЙДАЛАНУ)	6 121 399
07				Қарыздар түсімі	7 934 356
	01			Мемлекеттік ішкі қарыздар	7 934 356
		2		Қарыз алу келісім-шарттары	7 934 356
16				Қарыздарды өтеу	3 670 488
	257			Облыстың қаржы департаменті	3 670 488
		015		Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	3 670 488
08				Бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары	1 857 531
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 857 531

Облыстық мәслихаттың 2014 жылғы
"11" желтоқсандағы № 21/304 шешіміне
2-ҚОСЫМША

2016 жылға арналған облыстық бюджет

Сан	Сын	Кіші сын	Ерек	Атауы	Сомасы, мың теңге
------------	------------	-----------------	-------------	--------------	--------------------------

1	2	3		
			1. КІРІСТЕР	79 363 583
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	60 608 182
	01		Табыс салығы	30 993 572
		2	Жеке табыс салығы	30 993 572
	03		Әлеуметтік салық	26 582 191
		1	Әлеуметтік салық	26 582 191
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	3 032 419
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	3 032 395
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	24
2			САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	51 732
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	50 532
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	8 798
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	41 734
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	886
